

## Сотталғандардың жалпы орта білім алу құқығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 19 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 наурызда N 2381 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 22.04.2013 № 11 шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының »30 бабына және Қазақстан Республикасының»2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Заңына , 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 208 Қазақстан Республикасы қылмыстық атқарушылық Кодексінің »108-бабына сәйкес Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде жазаларын өтеушілер мен сотталғандарды» жалпы орта білім алу құқығын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімі шешті:

1. 2004 жылғы 1 қыркүйектен бастап қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде жазаларын өтеушілер мен сотталғандар және бағдарлама бойынша жалпы орта білімі жоқтарға жалпы орта білім алу құқығын беретін оқу ұйымдастырылсын.

2. 2004 жылғы 1 наурыздан бастап Ақмола облысының және Атбасар, Аршалы, Жарқайың, Зеренді аудандары мен Степногорск қаласының» аумағында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының» қарамағындағы түзеу мемлекеттік білім беру мекемелері (жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектептер) құрылсын:

- 1) ЕЦ-166/4 мекемесінде Атбасар аудандық оқу бөлімінің» N 1 жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;
- 2) ЕЦ-166/25 мекемесінде Зеренді аудандық оқу бөлімінің»N 2 жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;
- 3) ЕЦ-166/26 мекемесінде Жарқайың»аудандық оқу бөлімінің»N 3 жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;
- 4) ЕЦ-166/18 мекемесінде Степногорск қалалық оқу бөлімінің» N 4 жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;
- 5) ЕЦ-166/5 Мекемесінің N 5 жалпы білім беретін кешкі (ауысымдық) орта

мектеп"» мемлекеттік мекемесі Аршалы аудандық оқу бөлімі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 34 шешімімен.**

3. Жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелердің өкілетті органы болып сәйкес аудандардың» оқу бөлімдері бекітілсін.

4. Өкілетті органдар 2-тармақта көрсетілген мемлекеттік мекемелерді»  
**Ж а р ғ ы л а р ы н** б е к і т с і н .

5. Атбасар, Аршалы, Зеренді, Жарқайың аудандарының, Степногорск қаласының әкімдері және облыстық қаржы басқармасы:

1) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде құрылатын білім мекемелерінің (жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектептер) қызметін 2004 жылы қаржыландыру республикалық бюджеттен бөлінген 21004,0 мың» теңге сомасында бөлінген трансферт есебінен қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 34 шешімімен.**

6. Білім басқармасы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасымен (келісім бойынша) және Атбасар, Аршалы, Зеренді, Жарқайың аудандарының» және Степногорск қаласының» әкімдерімен бірге:

1) түзету мекемелеріндегі оқушылар санын анықтасын;

2) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің» Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде құрылатын барлық білім мекемелерінің педагогикалық кадрлармен толықтырылуын қамтамасыз етсін;

3) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде құрылатын білім мекемелері (жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектептер) ағартушылық қызметі бекітілген тәртіп бойынша әділет органдары мен лицензиялау органдарында  
**т і р к е л с і н ;**

4) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінің барлық білім мекемелерінде 2004 жылғы 1 қыркүйекке дейін оқыту жұмысын бастасын.

**Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - Ақмола облысы әкімінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 34 шешімімен.**

7. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің» Ақмола облысы бойынша басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 582 және Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің 2003 жылғы 3 қыркүйектегі N№180 бірлесе бекіткен " Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді қызметін ұйымдастыру туралы ережелерін бекіту туралы"

бұйрығына сәйкес Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің» Ақмола облысы бойынша басқармасы қарамағындағы түзеу мекемелерінде құрылған білім мекемелерінде (жалпы білім беретін кешкі (аусымдық) орта мектептер) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажетті, (№ ғимарат бөлу, сабақ жүргізу кезінде мұғалімнің қауіпсіздігі қамтамасыз ету, оқу-материалдық базасын құруға атсалысу) жағдай жасалуын қамтамасыз етсін

8. Облыс әкімінің 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 6 "Сотталғандарды» жалпы орта білім алу құқығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"» шешімі ж о й ы л с ы н .

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің» орынбасары *Ғ.М. Бекмағамбетовке* жүктелсін.

10. Осы шешім 2004 жылғы 1 наурыздан бастап қалыптасқан заңды қатынастарға таратылады.

*Әкім*

Келісілді:

*Қылмыстық - атқару жүйесі  
комитетінің» Ақмола облысы  
бойынша басқармасының» бастығы*